



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 28 маусым

Жаңа валюталық заңнама бойынша түсіндіру жұмысы туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі халықты және бизнес субъектілерін барынша қамту мақсатында **2019 жылғы 1 шілдеден бастап** енгізілетін валюталық заңнаманың нормалары бойынша түсіндіру жұмысын **жалғастыратындығы туралы** хабарлайды.

Атап айтқанда, **2018 жылғы шілдеде** Мемлекет басшысы **жаңа редакциядағы** «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Түзетулер **жоспарлы сипатта болды**, валюталық реттеу және бақылау саласындағы қатынастарды реттеуді жетілдіру, «Астана» халықаралық қаржы орталығын, «Қорғас» ШЫХО құру және басқалары сияқты Қазақстан Республикасы заңнамасындағы өзгерістерге сәйкес келтіру үшін қабылданды.

Заңды іске асыру үшін тиісті нормативтік құқықтық актілер қабылданды, олар да Заң сияқты, **2019 жылғы 1 шілдеден бастап** қолданысқа енгізіледі. Бұл ретте жаңа валюталық заңнамада сыртқы экономикалық мәмілелерді еркін жүзеге асыруды көздейтін, валюталық операциялар жүргізуге арналған **бұрынғы тәсілдер сақталды**.

Уәкілетті банктердің валюталық бақылау агенттері ретінде өз клиенттерін алдын ала хабардар етуі және операциялық қызметке тиісті рәсімдерді уақтылы енгізу мақсатында туындаған мәселелері бойынша сапалы консультациялар беру үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі банктер үшін **«Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ алаңында** оқыту семинарларын жүргізді.

Мәселен, Ұлттық Банк орталық аппаратының қызметкерлері валюталық заңнаманың нормаларын жан-жақты түсіндіре отырып, оның ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласындағы Қауымдастықтың өңірлік офисі **өкілдерінің қатысуымен Алматы қаласында бірқатар дәрістер өткізді**.

Сонымен қатар, банктердің өз клиенттеріне жаңа валюталық заңнаманы түсіндіру жөнінде **нақты шаралар кешенін** бірлесіп әзірлеу үшін уәкілетті банктердің, оның ішінде бүкіл Қазақстан бойынша барынша үлкен өңірлік желісі бар уәкілетті банктердің өкілдерімен **бірқатар екіжақты кездесулер** өткізілді.

2019 жылғы 25 маусымдағы жағдай бойынша банктер ақпарат таратудың **барлық ықтимал арналарын** пайдалана отырып, өз клиенттері үшін белсенді түсіндіру жұмысын жүргізді. Мәселен, банктердің сайттарында ақпараттық материалдар орналастырылған, телефондар арқылы консультациялар берілді, интернет-банкінг арқылы хабарландыру мен таныстыру материалдары жіберілді. Банк қызметкерлері үшін фронт-кеңседен бастап және көрсетілген жұмыс блогына жетекшілік ететін басшылық құрамды, сондай-ақ клиенттер үшін – бас кеңселер деңгейінде де, сол сияқты Қазақстанның өңірлерінде ұсынылған банктің әрбір филиалы деңгейінде де оқыту семинарлары мен вебинарлар өткізілді.

Уәкілетті банктерде өз клиенттеріне консультациялар беру бойынша қиындықтар туындаған жағдайда, олардың сұрақтарына жедел жауап беру мақсатында, валюталық заңнаманы қолдану мәселелері бойынша Ұлттық Банк пен уәкілетті банктер қызметкерлерінің **бірлескен онлайн форумы** құрылды.

Осындай жұмыс **өңірлік деңгейде** жүргізілуде. 2019 жылғы 25 маусымдағы жағдай бойынша Ұлттық Банктің филиалдары **жүзге жуық семинар** өткізді, оның шеңберінде СЭҚ ірі қатысушыларының **50%-дан астамы**, шетелдік қаржылық емес ұйымдар филиалдарының (өкілдіктерінің) **70%-ы**, уәкілетті банктердің **70 филиалы**, уәкілетті ұйымдардың **70%-ы** қамтылды.

Ұлттық Банктің аумақтық филиалдары өз қызметінің ерекшелігі шеңберінде сұрақтары бар кәсіпорындармен (көлік компаниялары, әуежайлар, логистика және басқа) жұмыс кездесулері мен дөңгелек үстелдер өткізді, оларда осы субъектілердің валюталық операцияларды жүзеге асыруының жеке жағдайлары қаралды және жаңа нормаларды дұрыс қолдану бойынша ұсынымдар берілді.

Осылайша, сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері, сондай-ақ халық Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына енгізілетін алдағы өзгерістерге дайын.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кәсіпкерлік субъектілері мен азаматтарды түсіндіру жұмысымен жүз пайыз қамту мақсатында тиісті жұмыстарды жүргізуді, оның ішінде өңірлік деңгейде жүргізуді жалғастыруда.

Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz